



**ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ
КАРТА
АШУЫНА
ШЕКТЕУ
ҚОЙЫЛМАҚ**

3-бет



**«ДЕКРЕТКЕ
МИЛЛИОНМЕН»:
АЛАЯҚТАРҒА
АЛДАНЫП
ҚАЛМАҢЫЗ!**

6-бет



**ШАЙТАННЫҢ
ТОРЫ**

8-бет

ЗАҢ

газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№83 (3614) 3 қараша 2023



БАҒДАР

ЖОҒАРЫ СОТ КЕҢЕСІ - СУДЬЯЛАР ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында: «Судьялардың дербестігін арттыру үшін Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесін нығайтқан дұрыс. Судья болуға үміткерлерді дайындау, біліктілігін көтеру жұмысы кеңестің құзыретіне беріледі. Сондай-ақ, олардың шекті жасын ұзарту, өкілеттігін тоқтату мәселесімен де осы мекеме айналысады.

Бұл мемлекеттік орган нақты кадрлық функциялары бар, толыққанды институтқа айналуы керек. Кадрларды іріктеуден бастап, барлық деңгейдегі соттарды тағайындауға ұсыным беруге дейінгі бүкіл міндет соларға жүктеледі» деп, осы және сот жүйесіне қатысты өзге де өзекті мәселелерді көрсеткен болатын. Ал, «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен Жаңғыру жолы» атты жолдауында: «Барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекет осыған орай ауқымды жұмыс жүргізуде. Кадр іріктеудің жаңа жүйесі енгізіліп, сот үдерісі мен рәсімдерінің ашықтығы біртіндеп арта түсуде. Бұл ретте, Жоғары Сот Кеңесі маңызды рөл атқарады. Осы құрылым Президенттің соттарды жасақтау жөніндегі конституциялық өкілеттігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, судьялардың тәуелсіздігіне және оларға ешкімнің қол сұқпауына кепілдік береді» деген еді.

Осылайша Президент әр жылғы жолдауында сот жүйесін жаңғыртуға, реформалауға ерекше мән беріп, өзі бастап араласып, соттарға зор сенім артып келеді. Қазіргі таңда осы құжатта жүктелген тапсырмалар шеңберінде сот жүйесінде көптеген озық жоба іске асырылып, қарқынды жұмыс жүргізілуде. Мәселен, судьяларға және судьялыққа кандидаттарға қойылатын талап айтарлықтай күшейтілді. Судьялар қызметін мерзімді бағалау тетіктері енгізілді, сот төрелігінің сапасы бойынша комиссия құрылды.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚҚА ТӨЗУГЕ БОЛМАЙДЫ



Қазақстан – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасында денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру қылмыстық құқықбұзушылық болып саналмайтын жалғыз ел. Әлемнің көптеген елдерінде тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыс ретінде қарастырылған және бұл қылмысты ауырлататын мән-жай. Біздің елімізде, бұл шара құқық қорғау органы қызметкеріне ыңғайлы болу үшін және оның жүктемесін барынша азайту мақсатында жойылған.

МӘСЕЛЕ

ҰЛТТЫҚ ҚОР ҰРПАҚҚА ЖЕТПЕЙ ҚАЛМАСЫН!

Бюджет тапшылығын толтыру үшін Ұлттық қорға алдағы үш жыл бойы тағы қол салмақпыз. Ол қаржының бір бөлігі сырттан алынатын несиені өтеуге жұмсалатын болады. Халықтың қаржылық сауатын көтеріп, қарызсыз қоғам құруды көздеп отырған үкіметіміз осылайша өзі несиеге батып, оны ұрпақ болашағы үшін жинаған қор қаржысымен өтемек. Бұл Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында белгілі болды.

Дәстүрлі жиында «2024–2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңның жобасы талқыға түскен болатын. Базалық сценарий негізінде жасалған бюджет жобасының көрсеткіштері бір қарағанда көңіл қуантарлық. Мәселен, болжамдар бойынша номиналды ЖІӨ 2024 жылғы 135 трлн теңгеден 2028 жылы 218,5 трлн теңгеге дейін өседі. Жылдық инфляцияның нысаналы дәлізі 2024 жылы 6-8 пайыз шегінде болып, 2025 жылы – 5,5-7,5 пайыз, 2026–2028 жылдары 5 пайызға дейін төмендейді-мыс. 2024 жылы республикалық бюджеттің кірістері 2023 жылғы бағалауға

қарағанда 3 213 086 559 мың теңгеге ұлғаяды. Оның бір бөлігі Ұлттық қордан алынбақ. «ҚР Ұлттық қорынан 2024–2026 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» заңының жобасына сәйкес кепілдендірілген трансферттің көлемі жыл сайын 2 млрд теңге көлемінде белгіленді. Құзырлы орын өкілдерінің айтуынша, бұл қаржының жартысынан астамы бюджеттік кредиттерді өтеуге жұмсалмақ.

Заң жобасын қарау барысында депутаттар 2024 жылы бюджеттен өңірлерді дамытуға – 31,8 млрд теңге, «Ауыл – ел бесігі»

бағдарламасына – 15 млрд теңге, жекелеген іс-шараларды іске асыруға – 14,3 млрд теңге бөлуді ұсыныпты. Жалпы депутаттар елдің басты қаржы құжатында халық қажетінің барынша қамтылуына көп күш жұмсаған секілді. Отырыста қосымша баяндама жасаған қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Мархабат Жайымбетовтың айтуынша, Мәжіліс депутаттарының тікелей араласуымен бюджеттегі 2,5 трлн теңгеге жуық қаражат министрліктер, әкімдіктер арасында маңыздылығына қарай қайта бөлініпті. Сонымен қатар аймақтарға арналған шығыс бөлігін ұлғайтуға, жалпы құны 1,5 трлн теңгеге жуық 300 түзету ұсынысы енгізілді. Оған қоса, «AMANAT» фракциясы депутаттарының ұсынысымен 56 млрд теңгеге қосымша қаражат қарастырылды. Көрсеткіштер бір қарағанда әсерлі-ақ.

Егер осының бәрі уақытында бюджет қоржынынан табылып, дiттеген мақсаттарға жұмсалса, елді алаңдатқан біраз мәселе

шешімін табар еді. Алайда, басында айтып кеткеніміздей, бөлінетін қаржылардың дені болжалды сценарийге негізделген. Оған қолжеткізу және тиімді игеру үшін үкіметке индикаторларды дұрыс айқындап, жоспарды дұрыс құрудан бастап, әр тиынның нәтижеге жұмыс істеуі жолында күш жұмсауға тура келеді. Жиында сөз алған бірқатар депутаттардың сөзінен түйгеніміз – баяғы жартас, сол жартас күйінде қалатын сияқты. Өйткені, бюджеттің жаңа жобасында көзделген шаралардың бұрынғыдан айырмасы жоқ. Онда бұған дейін айтылып келген кейбір кемшіліктер ескерілмеген. Олардың біразын Жайымбетов мырза да ортаға салған еді. Депутаттың айтуынша, бюджетте көрпеге қарай кәсілу қағидаты ұмыт қалған. Нақтырақ айтқанда ондағы шығыс кірісімізден көп. Табысымыз 16,3 трлн теңге де, жұмсайтынымыз 24 трлн теңге. Мемлекеттік борыштың өсуі 2024 жылы 34,2 трлн теңгеге, 2028 жылы 50,5 трлн теңгеге дейін өспек. Мемлекеттік органдар көбіне нысаналы индикаторларды өздеріне ыңғайлы етіп жоспарлайды. Жоспарланатын қаражат пен көрсеткіштер арасында нақты байланыс жоқ. Бұл стратегиялық мақсаттарға деген формалды көзқарасты білдіреді.

(Соңы 5-бетте)

КЕЗДЕСУ

СОТ КОРПУСЫН ЖАҢАРТУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР



Қызылорда облыстық сотына Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі, Жоғарғы Сот судьясы Айдын Нұрбеков келіп, Жоғарғы Сот Кеңесінің жұмысы мен конкурстық рәсімдерді түсіндіру және білікті мамандарды тартуға арналған жиын өткізді.

Оған облыстық соттың судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары, судья болуға ниеті бар сот мамандары, судьялыққа үміткерлер қатысты.

Кездесу барысында судья болу үшін қойылатын талаптар, біліктілік емтихандары, тәстілеу, кейстік тапсырмалар мен эссе жазу мәселелері қозғалып, жан-жақты түсіндірме берілді. Сонымен қатар, судьяларды іріктеу сапасын арттыру және сот корпусын жаңарту бойынша жаңашылдықтар баяндалды. Сонымен қатар, А.Нұрбеков судьялармен және үміткерлермен жеке қабылдау өткізіп, судьялыққа тағайындалу тәртібі туралы түсіндірме берді.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

БАҒДАР

ЖОҒАРЫ СОТ КЕҢЕСІ - СУДЬЯЛАР ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сот төрағасы, сот алқасының төрағасы лауазымын екі реттен артық атқаруға тыйым салынды. Судьялардың тәуелсіздігі мен оларға қол сұғылмаушылық жөніндегі кепілдікті қамтамасыз ету үшін құрылған, дербес мекеме ретінде Жоғары Сот Кеңесінің мәні мен мәртебесі күн санап артып келеді. Кеңеске барлық деңгейдегі судьялардың кадр резерві бойынша функциялары берілді.

Сондай-ақ, заманауи ақпараттық технологиялар сот жұмысына жүйелі түрде енгізілуде. Бұл ретте, «Сот кабинеті» сервисі тараптарға кең ауқымды мүмкіндіктер ұсынып отыр. Соның ішінде, талап қою бойынша қозғалысты бақылау, өтінішті, құжаттарды беру және алу, тағы басқа да істердің басым көпшілігі электрондық форматта қаралады және қашықтан өткізу форматында жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысының Жарлығымен судьялардың іс қараған кездегі тәуелсіздігін, сот билігінің беделін әрі қарай жоғарылату мақсатын-

да Жоғарғы Сот жанындағы соттар әкімшілігі қайтадан реформаланып, соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментін қайта құру арқылы Сот әкімшілігі құрылды. Енді Сот әкімшілігі – сот төрелігін толық және тәуелсіз іске асыру үшін қажетті және жеткілікті жағдай жасап, соттардың жұмысын әрі қарай ұйымдастырып, материалдық-техникалық, басқа да қызметтерді қамтамасыз етеді. Судьялар өз қызметінде тек сот төрелігін іске асырады, жұмыс барысында Конституция мен заңға ғана бағынышты болады. Сондықтан жоғарыда айтылғандай, нақты көрсетіп берген бағытта алға қарай қадам бассақ, көздеген мақсатымызға жететініміз сөзсіз.

Айдын БАЙНАЗАРОВ, Қызылқоға аудандық сотының төрағасы АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

САРАП

Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банкроттық рәсімі – кредиторлардың талаптарын Қазақстан заңдарында белгіленген тәртіппен борышкердің мүлкітік массасы есебінен қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын рәсім. Банкроттық борышкердің сотқа берген өтініші негізінде ерікті түрде және кредиторлардың немесе заңмен уәкілеттік берілген өзге де тұлғалардың сотқа берген өтініші негізінде мәжбүрлі түрде белгіленеді.

Азаматтық кодекстің 49-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен тарату туралы шешім қабылданған заңды тұлға мүлкінің құны кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы «Оңалту және банкроттық туралы» заңына сүйене отырып заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы талаппен сотқа жүгінуге міндетті. Борышкердің дәрменсіздігі оны сот тәртібімен банкрот деп жариялау үшін негіз болып табылады.

Банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі сот шешімімен айқындалады және ол 9 айдан аспауға тиіс. Бұл мерзімді кредиторлар жиналысының келісуімен банкроттықты басқарушының өтінісхаты бойынша сот үш айдан аспайтын мерзімге ұзарта алады. Банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі.

Борышкерді банкрот деп танудың негіздері, тәртібі мен рәсімі Азаматтық кодекстің 52-57-баптарында, «Оңалту

БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ ТАЛАПТЫ ҚАРАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

және банкроттық туралы» заңында көзделген. Оны өтініш бойынша сотта азаматтық істі қараудың тәртібі келесідей:

Аталған өтінішті Азаматтық процесстік кодекстің 27-бабына сай мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот қарайды. Борышкердің өтініші сотқа жазбаша нысанда, борышкер басшысы не құрылтай құжаттарына сәйкес оны алмастыратын тұлғаның қолымен беріледі.

Банкроттық туралы іс қозғалған соң дара кәсіпкерге, заңды тұлға мүлкінің меншік иесіне, құрылтайшысына, барлық органдарына мүлкіті кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс пайдалануға және өткізуге тыйым салынады; борышкердің мүлкіне қатысты бұрын қабылданған соттардың шешімдерін, төреліктің шешімдерін, мемлекеттік кіріс органдарының, сондай-ақ борышкер меншік иелерінің, олар уәкілеттік берген органдардың немесе органдарының шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда моральдық зиянның орнын толтыру туралы талаптарды есепке алмағанда, адамның өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауаптылықта болатын төлемдерге қатысы жоқ.

Сот іс қозғау туралы ұйғарым шығарылғаннан кейін әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдардың хабарламаларының тізіліміне енгізілген тұлғалар қатарынан уақытша басқарушы тағайындалады. Бұл кезеңде уақытша басқарушының басты міндеті

ақпарат жинау болып табылады, сондай-ақ уақытша басқарушы бекітілген сату жоспарына сәйкес мүлкіті өткізуге міндетті. Борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтерді оның төлем қабілетсіздігі белгілерінің бар не жоқ екендігін растау мақсатында бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік құжаттарының негізінде сот шешімі шығарылғанға дейін жинауды жүзеге асыруға міндеттеледі.

Сот аталған талап бойынша азаматтық істі қарауды толық аяқтаған соң борышкерді банкрот деп танудан, оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы; оңалту рәсімін қолдану туралы; банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы немесе бекітуден бас тарту туралы шешім; борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып оны тарату туралы шешімнің күшін жою туралы немесе іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы, сондай-ақ бітімгершілік келісімін бекіту және банкроттық рәсімін тоқтату туралы ұйғарым қабылдауы мүмкін. Шешім қабылдағаннан кейін жұмыстарды басқару уақытша басқарушыға жүктеледі. Уақытша басқарушы банкроттық мүлкітік массасын түгендеуді жүргізеді және кредиторлардың алғашқы жиналысына түгендеу туралы есепті ұсынады.

Н.ЕЛАМАНОВ Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

БАСТАМА



ЗАМАНАУИ МОБИЛОГРАФИЯ – БҮГІНГІ МЕДИА ТРЕНД

Заман дамыған сайын еңбек нарығы да өзгерістерге ұшырап, қоғам СММ, копирайтер, таргетолог, мобилограф, байер сынды жаңа мамандықтармен толығу үстінде. Әрине, заманға сай қоғамның өзгеруі заңды құбылыс. Тіпті, мұндай маман иелерін жанымыздан табу да қиын емес. Себебі, қазір цифрландыру заманы болғандықтан, бір ғана ұялы телефонның көмегімен табысқа кенеліп, әлемді бағындырып жатқандар бар. Оның үстіне, ұялы телефонға «еңбектеген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін» тәуелді десек артық болмас.

Осы орайда, мобилография туралы айтсақ, «мобилография» ұғымын ең алғаш ресейлік суретші Дмитрий Резван енгізген екен. Ал, «мобилография» сөзі «мобиль» – «мобильді телефон», «граф» – «жазу, сипаттау, суреттеу» дегенді білдіреді. Мобилография – кәсіби фотоаппараттың көмегіне жүгінбей,

қолымыздағы телефонды қолдану арқылы сапалы бейне жасайтын жаңа саланың түрі. Ал, мобилограф – таспасына іліккен кадрларды жинау арқылы әдемі дүние жасайтын адам. 2004 жылы Дүниежүзілік мобилографтар қоғамы құрылған.

Бүгінде мобилография біздің де күнделікті жұмысымыздың ажырамас бір бөлшегіне айналып отыр. Себебі, жеделділікті талап ететін ортада визуал ақпараттарды сапалы әрі дереу қоғамға жеткізуде мобилография қажет-ақ.

Маңғыстауда қатысушыларды сот ақпаратын қоғамға сапалы визуализация арқылы жеткізуге баулу, жаңа контентке машықтандыру мақсатында «Медиа тренд – заманауи мобилография» атты семинар-тренинг өтті.

Іс-шараға Ақтау қаласының №2 сотының төрағасы, ҚР Судьялар одағының Маңғыстау облыстық филиалының

төрағасы Р.Бейсенов, Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы А.Калпаков, өңірдегі БАҚ-пен байланысты үйлестіруші судьялар, сот әкімшілері, баспасөз қызметкерлері қатысты.

Семинар-тренингте Р.Бейсенов «Бүгінгі таңда қоғамда сұранысқа ие, актуалды бағыттың бірі – мобилография. Сондықтан, заманға сай заманауи тренді үйрену, ақпараттарды сапалы әрі жедел визуализация арқылы қоғамға жеткізу маңызды», – деп қатысушыларға сәттілік тіледі. Одан әрі А.Калпаков сот жүйесінің ақпараттық ашықтығы мен айқындығы өңір соттары жұмысының басым бағыттарының бірі болып табылатынын назарға алды. Сондай-ақ, департамент басшысы бүгінгі семинар-тренингте айтылған мәліметтерді тәжірибеде шындап, қатысушылардың алдағы уақытта сот ақпараттарын жылдам әрі қызықты етіп жеткізетіндіктеріне сенім білдірді.

Іс-шарада спикер шолу бейнекеріністер бойынша шеберлік сабағын өткізіп, дұрыс суретке, таспаға түсіру, оны монтаждау, әрлеу, әуен қою және т.б. ұялы телефонның көмегімен жасалатын мүмкіндіктерді көрсетті. Сонымен қатар, ол құралдарды сурет-бейне түсірілім жасауға баптау, түсірілім кезіндегі негізгі элементтер, қосымшалардың қызметтері туралы айта отырып, қатысушыларға тапсырмалар берді.

Қатысушылар тапсырмаларды уақытылы орындап, тәжірибе жасап, өздерінің жылдамдықтарын көрсете білді.

Нұршат ӨТЕУЛИЕВА, Маңғыстау облыстық сотының баспасөз хатшысы

БІТІМ

МЕДИАЦИЯ МАҚСАТЫ – ОРТАҚ МӘМІЛЕ

Дана халқымызда «Үш нәрсең алдын ал: аурудың, жаудың және қайта қозған даудың алдын ал» деген қанатты сөз бар. Қазақ ежелден тура сөзге тоқтаған, ел мен ел арасын бір ауыз сөздің құдіретімен бітістіре білген шешен де дана халық. Бабалардан қалған дауды өзара бітімгершілікпен шешу дәстүрі бүгінде қайта жаңғырып, ел арасында кеңінен қолданылып келеді. «Медиация» деген заманауи атаумен аталатын тараптарды мәмілеге шақыру әдісі біздің халқымызда би-шешендердің институтынан бастау алады.

Ағайын-туыс, әріптес, ауыл-аймақ, көрші-көлем, қала берді, қоғам болып өмір сүрген соң адамдар арасында түсінбеушілік пен дау-дамайдың орын алуы заңды құбылыс. Осындай сәтте ел азаматтары бірден соттың төрелігіне жүгінбей, медиацияның мәмілеге шақыру функциясына мойын бұрар болса, бұл



дауласушы тараптардың қай-қайсысы үшін де дұрыс шешім болмақ. Себебі, медиация арқылы тараптардың татуласуы кезінде уақыт үнемделеді, мемлекеттік баж секілді шығындар шықпайды, екі тарапта риза көңілмен тарқасады.

Сонымен істің медиация арқылы қаралуының сотта қаралудан қандай айырмашылығы бар, соған тоқталайық.

Сот өндірісінен айырмашылығы – медиация барысында «кінәлілер» мен «кінәсіздер» болмайды. Өйткені, бұл құқық саласы қылмыс

жасаушылар қатарын бірыңғай бас бостандығынан айыру жолымен жазалауды емес, адам құқықтары мен бостандығын қорғауды және қалпына келтіруді көздейді. Басқаша айтқанда, медиация мүмкіндігіне қарай істі сотқа жеткізбеу мақсатын көздейді.

Медиацияның тағы бір оңтайлы жағы – қаржылық жағынан соттық шығынға қарағанда төмендігінде және уақыттың үнемділігінде. Сотта іс әдетте ұзаққа созылады, ол тіпті айларға созылуы мүмкін. Бірнеше мәрте сот отырыстары белгіленеді, оған тараптардың бірінің өкілдері келмеуі де мүмкін, сөйтіп жағдай ұшыға түседі. Бұл ретте медиацияның тараптардың еріктілігі мен жеделдетілген шараның бейресмилігіне қатысты ерекшеліктері алдыңғы қатарға шығады.

Медиацияны елімізде барлық лауа дамытуға көңіл бөлініп жатыр. Әсіресе, дау шешуде татуластыру рәсімдерінің орны бөлек. Бабалардан қалған дауды өзара бітімгершілікпен шешудің тамаша тәсілдері заманауи заңдарымызда да көрініс тапты. Соған орай, ел соттары сотқа жүгінүшелерді заң аясында татулыққа шақыруда. Қазіргі таңда дамыған

елдердің бәрінде дауды шешудің әртүрлі әдістері белсенді енгізіліп жатыр, соның ішінде медиация ерекше және басым орын алып отыр, оларда даулардың 80-90 пайызы сотқа жеткізілмей, медиация арқылы шешіледі.

Медиация туралы заңның аты бөлек болғанымен, біздің халқымыз оны бұрыннан қолданып келеді. Олай дейтініміз, қазақ үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі саналады. Дана билеріміз, атап айтқанда, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер дау атаулыны бітімгершілік жолымен бітіріп отырған. Мұндағы мақсат елдің бірлігін сақтау, сол арқылы халықты татулыққа үндеген. Қазіргі заңдарымызда бұл норманың жандануы мемлекетіміздің тұтастығын нығайтуда үлкен рөл атқарады. Билер соты дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан билік институтының құқықтық нормаларды реттеудегі озық үлгісі десек, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу біздің басты мақсатымыз.

Руслан ҚАЖЕНОВ, Казталов аудандық соты әкімшісінің басшысы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚҚА
ТӨЗУГЕ БОЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Яғни, Қазақстанда адам және оның құқықтары мен бостандықтары басымдыққа ие емес. Ол Астанада Орталық Азиядағы бес елдің өкілдерін жинаған БҰҰ-ның «Нұр сәулесі» бағдарламасының екі күндік аймақтық конференциясында айтылды. Сала мамандары, тәуелсіз сарапшылар бас қосқан жиында бұл мәселе жан-жақты талқыланды.

Жиында айтылған әңгімеден түйгеніміз, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне мүлдем төзбеушілік – жаһандық тренд, яғни, өркениетті қоғамның шарты. Сондықтан әртүрлі юрисдикцияларда заңнамалық реформалар жүреді. Өзге мемлекеттер бұл мәселелерде әлдеқайда алға шығып кетіпті. Мәселен, Армения, Грузия, Литва, Тәжікстан, Өзбекстан және Украинада қасақана жеңіл дене жарақатын салу және ұрып-соғу заңнамалық тәрде қылмыс болып дәйектелген. Сол секілді Молдовада да отбасында ұрып-

соғу және жеңіл дене жарақатын салушылыққа қылмыстық жауапкершілік көзделіпті. Ал Әзірбайжан, Беларусь, Қырғызстан және Ресейде денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргенде және бұл елдердің Әзірбайжаннан басқасында ұрып-соғу қайталанып, ауырлататын мән-жайлар болған кезде ғана қылмыстық жауапкершілік іске қосылады. Жалпы тұрмыстық зорлық-зомбылық Молдовада 2010 жылы, Грузияда 2018 жылы, Қырғызстанда 2021 жылы, Өзбекстанда 2023 жылы қылмыс деп танылыпты.

Ал, біздің еліміз әлі күнге бұл мәселеде өзінің ұстанымын айқындай алмай келеді. Жалпы, мемлекетіміздің зорлық-зомбылыққа қатысты ұстанымы үш рет өзгеріпті. 2004 жылы ұрып-соғуды және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруді қылмыссыздандыру жайлы шешімі қабылданса, 2011 жылғы және 2014 жылғы Қылмыстық кодекстегі өзгерістерде бұл әрекеттер қылмыстық деп саналып,

ал кейіннен, 2017 жылы қайтадан жауапкершілік жойылды. Сарапшылардың айтуынша, мұның барлығы қылмыс статистикасын төмендетіп көрсету және қылмыстық процестің ауыртпалығын азайту мақсатында құқық қорғау органдарының тар ведомстволық мүдделерін лобби-леу. Бұдан шығатын түйін – Қазақстан халқына апаттық салдары бар әлеуметтік эксперимент жүргізіліп жатқандай. Өйткені соңғы 8 жылдағы әрбір бесінші қылмыстық құқықбұзушылық отбасы және шаруашылық саласында болып, соңғы бес жылда 1052 адамнан айрылыпты.

Қылмыстық құқықбұзушылықтардың барлық санаттарының ішінде отбасы-тұрмыстық қатынастардағы ауыр қылмыстар айтарлықтай көп. Олардың саны 8 жыл ішінде 2583-ке жетті. Яғни, жылына орта есеппен 322 ауыр қылмыс тек отбасында жасалады. Ал, осы кезеңде тіркелген аса ауыр қылмыс саны 1112-ге жеткен. Әр жылға шаққанда орта

есеппен отбасыларда 132 осындай оқиға болыпты. Ресми дерек жыл сайын денсаулыққа қасақана зиян келтірудің жеңіл ұрып-соғу фактісі бойынша 6030 істің қысқартылып, құқықбұзушылардың тек үштен бірінің жауапқа тартылғанын айтады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық сипаттағы, яғни денсаулыққа жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу секілді әкімшілік құқықбұзушылықтардың тез және тұрақты өсуі байқалып отыр. Тек соңғы екі жылда бұл көрсеткіш 16-35 пайызға өсіпті. Осылайша, қылмыссыздандырудан кейін, яғни 2017 жылы Қылмыстық кодекстен Әкімшілік кодекске екі бап ауысқан соң, кері үрдіс күтілсе, керісінше болды. Жаза жойылған жерде жауыздық етек алатынының бір айғағы – осы.

Қылмыстық кодекстегі азаптауға қатысты 110-бап жүйелі түрде ұрып-соғу немесе өзге де зорлық-зомбылық әрекеттері денсаулыққа ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқпаса, жұмыс істемейді. Сегіз жыл ішінде отбасылық-тұрмыстық салада осындай 18 ғана жағдай тіркелген. Бұл оны тіркеу үшін бір жыл ішінде үш рет ұрып-соғуды алып тастап, әкімшілік жауапкершілікке тарту керектігімен түсіндіріледі. Ал негізінде бұл қарқынмен жағдай тек енді азаптауға емес, денсаулыққа да ауыр зиянға алып келері анық. Өйткені ұрып-соғудың жазасыз қалуы таза

психологиялық тұрғыдан аса ауыр күш қолдануды тудырады.

Қалай дегенде де, отбасына және күнделікті өмірге қатысты «кнәлдік төзімділік» қағидатын бұзу қылмыстық заңнаманың зорлық-зомбылықтың алдын алу әлеуетін төмендетеді. Қылмыссыздандырудан кейін тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өсуі бұл шараның қате екенін көрсетті. Демек, зорлық-зомбылыққа қатысты заңнаманы ізгілендіруге жол беруге болмайды. Негізі қылмысты болу әрқашан бас бостандығынан айыру дегенді білдірмейді. Барлық бұзақы қылмыскерлерге бас бостандығынан айыру жазасын қолдану қажет емес. Кез келген жаза пропорционалды болуы және түзелуге ықпал етуі керек. Жазаның бас бостандығынан айырумен байланысты емес, яғни, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу секілді түрлері өте көп. Тоқетерін айтқанда, мемлекет тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты саясатын өзгертіп, кез келген зорлық-зомбылықты қатаң түрде басылатыны және барлық қолжетімді заңды құралдарымен қудаланатыны туралы түсінік беруі керек. Сонда ғана адам, оның өмірі мен денсаулығы, құқықтары мен бостандықтары нағыз конституциялық құндылыққа айналады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

Елімізде шетел азаматтарына банк картасын ашуға тыйым салынбақ.

Ұлттық банк шетел азаматтарына банк картасын рәсімдеуге тыйым салатын жоба әзірлеп, талқы алаңына салып жіберді. Нақтырақ, ҚР Ұлттық банкінің басқармасы және оның өкілеттілігі жайлы 15-бап өзгеріске ұшырады. Сарапшылар ҰБ бұндай шешімге Visa Ресей азаматтарына карта ашқан банктерге миллион доллар айыппұл саламын деп сес көрсеткеннен кейін барып түр дейді. Ұлттық банк бұл турасында жақ ашпады, десе де, жоба енгізудегі мақсат-міндеттерін атады.

Айналымалы жол

Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс бастала салысымен-ақ халықаралық төлем жүйесінің алпауыттары Mastercard пен Visa ресейлік қаржы ұйымдарын жаппай бұғаттап, өз желісінен шығарып тастаған еді. Артынша бұл брендтер Ресей нарығынан мүлдем кетті. Бүгінде Ресей аумағында мерзімі аяқталмаған Mastercard және Visa-ның ескі карталары әзірге жұмыс істеп тұр. Дегенмен санкцияға іліккен көрші ел банктері, аталмыш базада жаңа картаны ендігі шығара алмайды. Ал ресейлік «Мир» жүйесіндегі картаны әлемнің көптеген елі қабылдамайды. Содан былтыр Ресей тұрғындары Mastercard пен Visa рәсімдеу мақсатында Қазақстанға ағылды. Себебі бұл карталар – елден сыртқа саяхаттап не иссапармен шығу үшін, сондай-ақ шетелден төлем қабылдап, ақша аударуда таптырмас құрал. Карта рәсімдеу үшін Ресей азаматтарына нотариалды сенім хат арқылы онлайн\оффлайн делдал арқылы, Қазақстан азаматтығын, ЖСН, байланыс нөмерін рәсімдеу жеткілікті еді. Бұл басқа мемлекеттерде де мүмкін нәрсесі. Өсте, біз шекаралас ел болғандықтан, оңтайлы нысанбыз. Мысалы, 2022 жылғы 16 мамырда Ресей халық артисі Лев Лещенконың өзі Алматыға ұшып келіп, қазақстандық ЖСН алып, отандық банктердің бірінде карта рәсімдегенін ақпарат құралдары көрсетіп, жариялаған еді. Тіпті ҰБ-ның 2022 жылғы ресми мәліметінде тек жаздың екі айында 3 миллионнан аса онлайн карта ашылғаны жазылған. Бұл жайтқа ҰБ «карталық туризм» деп ат қойды. Себебі соңғы геосаяси жағдайларға балады. Әрине, ресейліктер қолма-қол ақшамен есеп айырысып, санкцияны айналып өтуге болар еді. Бірақ рубльді қабылдамақ түгіл, әлемде конвертациялап беретін ел де қалмады, оның үстіне Ресей шекарасынан 1 млн рубльден артық қолма-қол ақша алып шығуға болмайды. Әрине, бұндағы жұрт сол себепті түрлі жол іздеп кетуді заңдылық. Дейтұрғанмен жыл соңына қарай Ұлттық банктің ұсынысымен отандық банктер шетелдік азаматтарға карта ашуды шектей бастамақ.

Ұлттық банк түсініктемесі

Енді Ұлттық банк Қазақстанда тұрақты немесе уақытша тұру ықтиярхаты жоқ, елімізде тұрмайтын, карта рәсімдей сала, өз еліне кетіп қалатын шетелдіктерге банк карталарын

ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ КАРТА
АШУЫНА ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛМАҚ

Ресейліктердің шетелде карта ашқызу мүмкіндігі бәрібір күрт шектелмек. Себебі, Қазақстан, Польша, Орталық Азия мен Балтық елдері банк саласындағы ішкі саясатын қатаңдатуда. Қазақстанның Ұлттық банкінің жаңа қаулысының жобасында да «Ресей азаматтары» деген сөз жоқ, орнына шетелдіктер деп жалпылай жазылған. Бірақ Қазақстанда тұрақты тұрмайтын болса, Ресейден өзге елдің азаматы бізге арнайы келіп, карта рәсімдеуіні белгілі олардың өз елінде Visa еркін жұмыс істеп жатыр.

беруге тыйым салуға шешім қабылданғанын мәлім етіп отыр. Алда бұл шешім нормативтік құқықтық акт түрінде рәсімделеді. Осы мақсатта «ҚР Ұлттық банкі басқармасының кейбір қаулыларына көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру және қолма-қол ақшасыз төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Ұлттық банк басқармасы қаулысының жобасы әзірленді. Ұлттық банктің Төлем жүйелері департаментінің директоры Ерлан Ашықбековтің түсіндіруінше, бұл құжат шетел азаматтарына төлем карточкаларын шығару кезінде қойылатын талаптарды қатаңдатады. Бірақ мұның кімнің талабымен жасалып отырғаны нақтыланбады.

Ұлттық банктің түсіндіруінше, Қазақстанның резиденттері еместерге төлем карталарын беретін банктерге қатысты талап күшейтіледі. «Бұл елімізде шығарылған төлем карталарын аталған тұлғалардың құқыққа қайшы, заңсыз операцияларды, соның ішінде есірткі айналымына және заңсыз құмар ойындарына қатысты операцияларды жүзеге асыруға пайдалануы қауіпін азайту мақсатында жасалып отыр. Осылайша, енді төлем картасын алғысы келетін шетелдік, бейрезидент тұлға оны рәсімдеуге өзі қатысуға, Қазақстан территориясында болуының негізін растайтын құжаттарын, соның ішінде еңбек келісімшартын, оқу келісімшартын, тұру ықтиярхатын және басқасын ұсынуға міндетті болады», – деп түсініктеме берді Ұлттық банк.

Ашық санкция

Десе де, халықаралық ақпарат құралдары Visa компаниясының Ресеймен шекаралас мемлекеттерге өздерінде тұрақты өмір сүрмейтін, карта ашқыза сала, өз еліне тайып тұратын ресейліктерге карта бермеуге ұсыныс таратқанын жазуда. Бұл туралы алғашқы баратын ресейлік белсенді Х (бұрынғы Twitter) әлеуметтік желісінде «Угрюмочная» лақап

атымен пост жариялайтын журналист Гера Угрюмова хабарлады. Жат елде саяси пана алып, «босқын» мәртебесін иеленген, енді ресейліктердің шетелде дискриминациялануымен, қысым көруімен жан сала күресіп жүрген ресейлік белсенді банктерге түскен әлдебір хаттың көшірмесін көрсетті. «Қолыма түскен бұл құжатты Visa Ресеймен шектесетін барлық елдердің банктеріне жолдады. Бұл құжатта әңгіме «карталарды трансшекаралық ашу» турасында болып отыр. Оған сәй-

Оның айтуынша, кездесу барысында оған қатысқан тағы бір елдің банк секторының өкілдері жаңа ережелерге қарсылығын білдірген екен. Олар тұтас елдердің тағдырын Visa шеше алмайтынын атап өтті. Ресейлік белсендінің мәліметінше, осылайша, Түркия бірқатар жеңілдікке қол жеткізген: түрік елінің банктері ресейліктерге карта ашуға құқылы болады. Бірақ ондағы қаржы лимиті 100 доллардан аспауға тиіс.

Liber.Money CEO басшысы Арсен Қазыбековтің айтуынша, аталған құжатты Visa алғаш рет 2022 жылғы 8 сәуірде жолдаған. 1,5 жыл өткен соң қандай да бір нақтылаулар, ескертулер енгізілсе керек. Мұны олар «warnings» атайды. Нәтижесінде, тақырып қайтадан өзекті болып отыр. «Мен бұл құжат тек қана Ресейге қарсы бағытталған деп айта алмаймын. Оның мәтінінде Ресей азаматтары деп нақты көрсетпеген. Алайда банктердің өздері оны Ресейге қарсы құжат деп мойындайды. Бәлкім, олар компания өкілдерінен құжатқа қатысты қосымша түсініктемелер алған шығар. Сөйтіп, мұның тек ресейліктерге қатысты талап екенін ұғынған болары», – деді сарапшы.

Арсен Қазыбеков ашық антиресейлік сипаттағы ресми құжаттың өзінің қолында жоқтығын нақтылады. Дегенмен жеке әңгімелерде сарапшылар Ресей тұрғындарына карта ашудың салдары 1 миллион доллар айыппұлға соқтыратынын қаперге салыпты.

Liber.Money сервисінің өзі ресейліктерге шетелде карта рәсімдеу үшін кейінгі үш айда 50 шетелдік банкпен байланысып, серіктес болуды ұсынды. Бірақ тауы шағылмай қайтқан екен: олардың бәрі енді Ресей азаматтарымен іскерлік байланыс орнатудан бас тартқан. Өйткені миллиондық айыппұлдан қорқады.

Ресейлік РБК банк секторындағы дереккөздеріне жүгініп, Visa Ресей азаматтарына карта ашуға тыйым сала алмайтынын ескертті. Карта ашу туралы шешімді төлем жүйесі емес, банк-эмитенттер өзі қабылдайды. Картада оның иесінің қай елдің азаматы екені жазылмайды.

Әйтсе де, ресейліктердің шетелде карта ашқызу мүмкіндігі бәрібір күрт шектелмек. Себебі, Қазақстан, Польша, Орталық Азия мен Балтық елдері банк саласындағы ішкі саясатын қатаңдатуда. Қазақстанның Ұлттық банкінің жаңа қаулысының жобасында да «Ресей азаматтары» деген сөз жоқ, орнына шетелдіктер деп жалпылай жазылған. Бірақ Қазақстанда тұрақты тұрмайтын болса, Ресейден өзге елдің азаматы бізге арнайы келіп, карта рәсімдеуіні белгілі: олардың өз елінде Visa еркін жұмыс істеп жатыр. Сарапшылардың пікірінше, Ресей тұрғындары Қазақстанда карта алған соң, оны тек Қазақстан аумағында пайдаланбайды, еліне алып кетеді, сонда қолданады, транзакцияларды жүзеге асырады. Ал Ресеймен байланыстың өзі бүгінде комплаенс-тәуекелдерді арттыратын факторға айналды. Содан Ресей азаматтары кесірінен халықаралық төлем жүйесінен ажырап қалудан қорыққан қазақстандық банктер «бәлесінен аулақ» деп, өз бетінше бас тартуда.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

ҚЫЛМЫСТЫҢ АҚЫРЫ – ТҮРМЕ



Алаяқтық қылмыстардың жиілеп тұрғаны жасырын емес. Тіпті, атпап бассаң алаяққа кез болатын дәрежеге жеткендейміз. Осы жөнінде жуырда құзырлы орган қызметкерлерімен өткен жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев:

– Қазір көптеген азаматтарымыз алаяқтардың қармағына түсіп, алданып қалып жатыр. Сондықтан құқық қорғау органдары алаяқтарға қарсы табанды күрес жүргізуге тиіс. Оларға ешқандай жеңілдік жасалмауы керек. Себебі, алаяқтардың жасаған әрекетінен халық зардап шегуде, – деп атап өтті.

Алаяқтық қылмыстардың көбеюін немен түсіндіруге болады? Мұның арғы жағында оңай ақша табуға деген құмарлық жатса, сонымен бірге кінәнің бір ұшы уәде бергіш жандарға сене салатын жәбірленушілердің өздеріне де барып тіреледі.

Жуырда Түркістан облысында тұрғындарды осындай уәделермен алдап келген алаяққа бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Бұл туралы Түркістан облыстық соты хабарлады.

Қылмыстық кодекстің 190-бабы 3-бөлігінің 4-тармағымен айыпталған сотталушының ісін Келес аудандық соты қарады.

Сотталушы алаяқтық, яғни алдау жолымен бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында алдымен бір жәбірленушіден «балаңды мектепке мұғалім қызметіне орналастырып беремін» деген уәдемен 800 мың теңге алған. Бұдан кейін тағы бір жәбірленушіден асырауындағы ұлдарына қамқоршылық құжаттарын рәсімдеп беретінін айтып, 80 000 теңгесін алған. Мұнымен тоқтамай, үшінші жәбірленушіден «мектепке мұғалім қызметіне кіргізіп беремін» деп 1 миллион 100 мың теңгесін қалтасына басқан.

Осылайша үш бірдей азаматты алдап кеткен ол тағылған айып бойынша кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Айта кетері, үкім заңды күшіне әлі енген жоқ.

«Жұмысқа тұрғызып беремін», «банктен несие алып беремін»,

«мемлекеттен жеңілдетілген несие шығарып беремін» деген өтірік уәделермен жұртты алдап, ақшасын алып кету оқиғалары азаяр емес. Бір қызығы, баспасөзде қаншама рет жазылып, телеарналарда нешеме рет айтылып жатса да, халық осы өтірік уәдеге көзсіз сенеді.

Жуырда Арыс қалалық полициясына жергілікті тұрғын арызданып келді. Оның айтуынша, өзінің танысы «теміржолшы етіп жұмысқа тұрғызып беремін» деп сеніміне кіріп, 1 миллион 700 мың теңгесін алған. Аталған фактіні полицейлер «алаяқтық» бабы бойынша тіркеді.

Тәртіп сақшылары қылмысты ашу мақсатында іздестіру шараларын жүргізді. Нәтижесінде тәртіп сақшылары күдікті ретінде Арыс қаласының тұрғынын анықтады.

Белгілі болғандай, ер адам алған ақшаның бір бөлігін несие жабуға, қалғанын өзіне қажет заттар алуға пайдаланған. Қазіргі таңда тәртіп сақшылары күдіктінің бұдан басқа да қылмыстарға қатыстылығын анықтау үстінде.

Осыған ұқсас жағдай Түркістан қаласында да тіркелді. Полицияға шағымданған жергілікті азаматшаның айтуынша, сырттай таныс ер адам «мемлекеттен қайтарымсыз грант алып беремін» деген уәдемен 300 мың теңгесін алған. Алайда уәдесін орындамай, жәбірленушіні жарты жыл бойы алдап келген. Күдіктіні ұстау үшін тәжірибелі полицейлерден жедел-тергеу тобы құрылды. Нәтижесінде оның тұрғылықты мекенжайы анықталды. Ол Сарыағаш ауданының тұрғыны болып шықты. Ұсталғаннан кейін белгілі болғандай, күдікке ілінген ер адам алған ақшаны өзінің бас пайдасы үшін жаратқан. Қазіргі таңда оған қатысты сотқа дейінгі тергеу-тексеру амалдары жүргізілуде.

Ал Жетісайда «мемлекеттен ақша алып беретін» алаяқ ұсталды. Аудандық полиция бөліміне 3 бірдей тұрғын арызданды. Олардың айтуларынша, таныстары «кәсіпкерлікті қолдауға мемлекеттен берілетін қайтарымсыз ақша алып беремін» деген уәдемен 5 миллион теңгеден

астам ақшаларын алған. Бұдан кейін уәдесін орындамай қашып жүрген.

Аталған фактіні полиция қызметкерлері Қылмыстық кодекстің «алаяқтық» бабы бойынша тіркеуге алды. Тәжірибелі полицейлерден құралған жедел-тергеу тобы жергілікті тұрғындарды сан соқтырып кеткен алаяқты ұстауға қажетті шараларды жасады. Жедел-іздестіру нәтижесінде күдіктінің жеке басы анықталып, ол полицияға жеткізілді. Белгілі болғандай, ұсталған әйел ірі көлемдегі ақшаны өзінің несиесін жабу үшін алған. Қазіргі таңда ол қамауға алынып, аталған іс бойынша жинақталған құжаттар заңды шешім қабылдау үшін сотқа жолданды.

Сонымен бірге, жуырда Түркістан облыстық Полиция департаменті Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері жедел-іздестіру іс-шаралары барысында көлік құралдары үшін жалған мемлекеттік нөмірлік белгілерді заңсыз дайындаған цехты ашкереледі.

Самара–Шымкент тас жолында жедел уәкілдер жергілікті полиция қызметімен бірлесіп жүргізген жедел шаралар кезінде «Нива» автокөлігінің мемлекеттік нөмірі жалған болуы мүмкін деген күдік тегіріген.

Полицейлер жедел әрекет етіп, көлік нөміріне қатысты тексеру жұмыстарын жүргізген Олар көліктің жүргізушісі таққан нөмірдің басқа адамның атына тіркелгенін анықтайды.

Одан әрі қарай қырағылық танытқан сақшылар арнайы жоспар құрып, жедел-іздестіру барысында арнайы іс-шаралар кешенін өткізеді. Нәтижесінде, Шымкент қаласында мемлекеттік нөмірлерді қолдан жасап жатқан цехты анықтап, оның иесі ретінде жергілікті тұрғынды ұстады. Тінту кезінде полиция қызметкерлері 103 дана нөмірлік белгіні, 100-ден астам голограммалық жапсырмаларды және нөмір жасауға арналған арнайы станокты тапты. Бұл факт Қылмыстық кодекстің 386-бабы 1-бөлігімен «сайкестендіру нөмірін, шанақ нөмірін, шассиді, қозғалтқышты қолдан жасау немесе жою, сондай-ақ көлік құралының мемлекеттік тіркеу белгісін қолдан жасау, көрінеу жалған немесе жалған мемлекеттік тіркеу белгісін пайдалану» бойынша қылмыстық іс тіркелді. Болған оқиғаның мән-жайы анықталуда.

Жалпы, соңғы кездері алаяқтықты ғаламтордың көмегі арқылы жасау да жиілеп келеді. Оның алдын алу

үшін тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Осы мақсатта Түркістан облыстық Полиция департаменті қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Халықаралық туризм және меймандостық университетінде «Интернет алаяқтықтың алдын алу жолдары» атты тақырыпта студенттермен кездесу өтті.

Кездесу барысында полицейлер Қазақстанда қазір интернет алаяқтығына тыйым болмай тұрғанын, осыған байланысты Мемлекет басшысы жолдауында қаржы пирамдалары мен интернет алаяқтығына қатысты құқық қорғау органдарына кешенді әрі нақты шараларды әзірлеуді тапсырғанын атап өтті.

– Технологияның тілін мықты меңгерген әккілердің құрығы ұзарып, алдап-арбаудағы әдіс-тәсілдері күн санап мың құбылуда. Интернет алаяқтығының тым көбейіп кетуі қоғамдық резонанс тудырып отырғаны да белгілі. Қазақстанда бұл қылмыс түрінің ең көп таралған тәсілдерінің бірі – интернеттегі хабарландырулар бойынша тауар немесе қызмет үшін алдын ала төлем алу. Бүгінде интернет алаяқтықтардың жартысы дәл осындай жолмен жасалған, – деген полиция қызметкерлері осы жөнінде фильм көрсету арқылы жастармен ашық алаңда пікір алмаса білді.

Интернет алаяқтықтың күн өткен сайын күшейіп бара жатқанын алға тартқан олар азаматтарға күдікті қоңырау мен хабарламалар алғанда бірден банкке хабарласуға кеңес берді. Сонымен қатар, белгісіз біреулер хабарласып, қандай да бір банктің атын атап, банк карточкасы жайлы ақпарат немесе басқа да жеке мәліметтерді сұраса, ең алдымен сол банктің сенім телефондарына қоңырау шалып, ақпараттың рас-өтірігін анықтап алу ескертілді.

Б. ҚАЛДЫБЕК

ШАРА

Түркістан облысында «Қауіпсіз мектеп» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтіп жатыр. Аты айтып тұрғандай, шараның мақсаты – жасөспірімдер арасындағы қылмысты ескерту және оның алдын алу, оның ішінде мектеп оқушылары арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ балаларға қатысты қылмыстық қол сұғушылықтардың алдын алу.

Бұл күндері полиция қызметкерлері оқу орындарында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, алкогольдік ішімдіктерді, темекі бұйымдарын, оның ішінде электрондық аналогтарды және басқа да психоактивті заттарды пайдалануға тыйым салу туралы талаптарға баса назар аударуда. Сондай-ақ, оқу орындарына іргелес жатқан аумақтарда патрульдік полиция қызметкерлері жұмыс атқаруда.

Бұдан бөлек тәртіп сақшылары кәмелетке толмағандар көп жиналатын орындарда рейдтік іс-шаралар өткізуде. Жасөспірімдерге заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын-сауық орындарында болуға мүмкіндік беретін кәсіпкерлерді анықтауда.

Түркістан облыстық Полиция департаменті басшысының тапсырмасына сәйкес жүргізіліп жатқан іс-шара Арыс қаласында жалғасын тапты. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған шараға Арыс аудандық полиция бөлімінің полицейі А.Сыздықов, аға учаскелік полиция инспекторы Б.Раев, ауданға қарас-

ты білім беру ұйымдарының жоғары сынып оқушылары қатысты.

Кездесуде жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау, түнгі уақытта ата-ананың бақылауынсыз үй-жайдан тыс жерлерде, компьютерлік ойынханалар мен мейрамханаларда болуларына тыйым салу, бала тәрбиесіне немқұрайлы қарайтын ата-аналарды анықтап, тиісті шаралар көру мәселелері айтылды.

Тәртіп сақшылары кезекті рейдтік шара барысында жеке кәсіпкерлерге түнгі 22:00-ден кейін кәмелетке толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінің көңіл көтеру орындарына кіргізбеуі керектігін ескертті. Сонымен қатар, кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге темекі бұйымдары мен спиртті ішімдіктерді сатуға тыйым салынғандығын қатаң назарға алу жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Қауіпсіз мектеп» шарасына байланысты Түркістан облыстық Полиция департаментінің басшылық құрам өкілдері әрбір аудан, қалаға арнайы барып, кездесулер ұйымдастыруда. Мәселен, полиция подполковнигі Ерлан Асқаров Шардара ауданында жоғары сынып оқушыла-

ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП - АЛАҢСЫЗ БАЛА



рымен кезекті кездесу өткізді. Күн тәртібінде кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтер, ерте жүктілік, олармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылық деректерін талдау мен алдағы уақытта алдын алу бойынша атқарылатын жұмыс жоспарлары, жасөспірімдердің қатысуымен болатын жол апаттарын болдырмау мәселесі қаралды.

Келелі кездесуде баяндама жасаған полиция подполковнигі Е.Асқаров: «Бала – біздің болашағымыз. Олардың амандығы мен дұрыс жолда өсіп-өркендеуіне ата-ана, мектеп, құқық қорғау қызметкерлері, қоғам болып қорған болымыз. Осы орайда әрқайсымыз өзімізге жүктелген міндетті абыроймен атқарып, жұмыла жұмыс істегенде ғана оң нәтижеге қол жеткіземіз», – деп атап өтті.

Аталған жедел-профилактикалық іс-шара аясында полицейлер Кентау қаласында орналасқан Д.Қонаев атындағы мектептің 9-11 сы-



нып оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында Кентау қаласы Полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Д.Түймебаев, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикалық іс-шара аясында орналасқан Д.Қонаев атындағы мектептің 9-11 сы-

нып оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында Кентау қаласы Полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Д.Түймебаев, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикалық іс-шара аясында орналасқан Д.Қонаев атындағы мектептің 9-11 сы-

нып оқушыларымен кездесу өткізіліп, мектептер аумағында әкімшілік

құқық бұзушылықтар мен жол жүру ережелерінің қағидаларын бұзған құқық бұзушылықтарды анықтап, шара көру жұмыстары атқарылуда.

– Мектеп оқушылары мен жастар, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмысты болдырмау, қылмыстық психологияны жою, оқушылар арасындағы буллингті тоқтату, қоғам дертіне айналған құмар ойындарының зардабы мен өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу мақсатында іс-шаралар әрі қарай да өз жалғасын таба бермек. Ұйымдастырылған кездесулерге полициядан бөлек мектеп директорлары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп психологтары,

ата-аналар мен оқушылар қатыстырылуда. Алдағы уақытта жасөспірімдермен идеологиялық іс-шаралар өткізу жоспарларын қойды, – дейді Түркістан облысы Полиция департаментінің басшысы Мұрат Қабденов.

Бекбол ҚАЛДЫБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

МӘСЕЛЕ

ҰЛТТЫҚ ҚОР ҰРПАҚҚА ЖЕТПЕЙ ҚАЛМАСЫН!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекеттік органдар бюджетті қалыптастыру кезінде мүмкіндігінше көп қаражат алуды ғана көздейді. Оның орындалуына, іске асуына мән беріп жатқандары шамалы. Ал, бюджеттің сапасыз жоспарлануы оның іске асырылуын қиындатады. Ондай жобалар жылдар бойы толық аяқталмайды. Осының салдарынан бюджет Үкіметте бірнеше рет түзетіліп, нақтыланып жатады.

Бұған дейін талай айтылған бұл кемшіліктер орын алмас үшін депутаттар тарапынан Үкімет өзінің іс-әрекет жоспарын жасап, оны бюджетпен бірге ұсынуы туралы айтылғалы көп болған. Өкінішке қарай, атқарушы билік бұл ұсынысты «әкімгерлік» деп атап, оны жасауды артық санапты. Мұны жиында сөз алған «Ақ жол» фракциясының серкесі Азат Перуашев қынжыла ортаға салды. Ол бұл орайда бюджет жобасын талқылау негізінен шектеулі сипатта, өйткені, заңға сәйкес, депутаттардың ұсыныстары тек Үкіметтің мақұлдауымен ғана қаралатынын атап көрсетті. Оның айтуынша, бүгінгі бюджетті талқылауда – бюрократия. Нақты іс-әрекет жоспарынсыз Үкіметтің бұл шарасы тек бір-біріне ұқсамайтын жобалардың жиынтығы ғана болады. Себебі бюджеттің мақсатты индикаторлары көбінесе нақты емес. Мысалы: 032 кіші бағдарлама бойынша жаңа жұмыс орындарын құрып, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту мақсатында «Біріккен химиялық компания» ЖШС-нің жарғылық капиталын ұлғайту үшін 50 млрд теңге бөлінбек. Бұл шығын қандай жобаларды қамтамасыз етеді, мемлекет қандай қайтарым алады, нақты қанша жаңа жұмыс орындары ашылады және нақты кімнің жағдайы жақсарады? Жобада

бұл жөнінде ештеңе айтылмаған. Ең өкініштісі, бюджет жобасында сөзсіз шығыстар ұлғайып, қайтарымды қаржыландыру көлемі қысқарған. Нақтырақ айтқанда, әлеуметтік салаға жұмсалатын шығыстар 17 пайызға, мемлекеттік қажеттіліктерге арналған шығыстар 10 пайызға өсіп, нақты секторды қаржыландыру 19 пайызға төмендепті. Бұл экономиканың негізгі қағидаттары: ақша мен тауар ұсынысының тепе-теңдігіне қайшы келеді. Өндірістің барабар өсімінсіз шығындардың өсуі – тұтынушылық бағалар мен ұлттық валютаның тұрақтылығы үшін инфляциялық бомба! Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік холдингтердің таза пайдасы бюджеттен және парламенттік бақылаудан тыс қалып отыр. Соңғы 5 жылда квази-



Тоқетерін айтқанда, елдің басты қаржы қжжатында кемшілік көп. Сондықтан 650 мың үйсіздің, 1 миллион жұмыссыздың, 75 миллион ауыл тұрғындарының мәселесі басы ашық тұр. Жалақыны жұтқан инфляция, қымбатшылық, жастар арасындағы жұмыссыздық, МӘМС-тегі ретсіздік, үш ауысымдық мектептер, халықтың несие құрығына кіруі тағы да басқа халықтың қабырғасына батқан қиындықтардың жойылар уақыты белгісіз болып тұр. Соған қарамастан, заң жобасы мақұлданып, Сенатқа жолданды.

мемлекеттік сектордың пайдасы 5,7 трлн теңгені құраса, оның 10 пайызы ғана бюджетке бөлінген. Бұл ат төбеліндей менеджерлердің жүздеген миллиондаған бонустар алып, байлар мен кедейлер арасындағы әлеуметтік алшақтық тереңдей түсті деген сөз!

Әлеуметтік шығыстардың өсіп келе жатқанына депутат Магеррам Магеррамов та алаңдаушылық білдіріп, осы қаржының тиімді жұмсалынуына қатысты көптің көкейіндегі сауалдарды қойды. Соның бірі ғылым-білімге бөлінетін қаржыға арналды. «Ғылымның қандай сала-

ларын дамыту жоспарлануда, жыл сайын өсіп келе жатқан шығындарды ескере отырып, соңғы 30 жылда ғылыммыз қандай жетістіктерге жетті? Жыл сайын білім мен ғылымның сапасына қатысты шағымдарды ғана естиміз, ал үздік кадрлар шетелде ғылыми мансаппен айналысуға мәжбүр. Үлкен ақша білім мен ғылымды жақсарту ма? Білім және ғылым саласындағы қазіргі менеджмент пен көзқараспен бұл екіталай» деді ол. Сонымен қатар бюджетте қарастырылған жалақыны көтерудің кері әсері жайлы ойын да ірікпеді. Бұл орайда ол жалақы мен зейнетақыны номиналды ұлғайту арқылы іс жүзінде теңгені сатып алу қабілетін одан әрі төмендетіп жатқанымызды мәлімдеді. Қазіргідей тауарлар мен қызметтердің бағасы бақылаусыз өсе берсе, жалақы мен зейнетақыны көбейтудегі барлық игі бастамаларымызды инфляция басып тастайтынын жеріне жеткізе айтты. Ұлттық қордан тартылатын трансферт көп балалар-

ды, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аналарға тәрбиеші және әлеуметтік қызметкер ретінде еңбекақы тағайындау арқылы шаруашылық айналымға тарту туралы ұсынысын жеткізді. Оның айтуынша, бұл шаралар мультипликативті нәтижеге әкеліп, зейнетақы жарналары енгізіліп, салықтар төленіп, сатып алу қабілетін арттырар еді.

Бюджет жобасын талқылау барысында бөлінген қаражаттың уақытылы игерілмеуі көп іске қолбайлау болатыны орынды көтерілді. Депутат Елнұр Бейсенбаевтың айтуынша, 2023 жылы бюджеттен мектептердің құрылысына бөлінген қаражаттың көлемі 164 млрд теңге болса, оның тек 37 пайызы ғана игерілді. Бұған мемлекеттік сатып алудағы олқылықтар себеп болып отырғаны белгілі. Бюджеттен ақша бөлінгенімен, қажетті жұмыстар басталмайды. Бірін-бірі сотқа сүйреген компаниялардың жеке мүддесі мен ренішінен де әлеуметтік нысандар тоқтап қалуда. Бұл іс кемінде үш-төрт ай қарастырылады. Соңында жоба құны қымбаттап, нысан уақытылы салынбайды. Көбінде шағым дәйексіз болады. Сондықтан, Бейсенбаев мырза айтқандай, заңнамада негізсіз шағымданушылардың да жауапкершілігін қарастыратын уақыт жеткен секілді.

Тоқетерін айтқанда, елдің басты қаржы құжатында кемшілік көп. Сондықтан 650 мың үйсіздің, 1 миллион жұмыссыздың, 7,5 миллион ауыл тұрғындарының мәселесі басы ашық тұр. Жалақыны жұтқан инфляция, қымбатшылық, жастар арасындағы жұмыссыздық, МӘМС-тегі ретсіздік, үш ауысымдық мектептер, халықтың несие құрығына кіруі тағы да басқа халықтың қабырғасына батқан қиындықтардың жойылар уақыты белгісіз болып тұр. Соған қарамастан, заң жобасы мақұлданып, Сенатқа жолданды. Депутат Азат Перуашевтің айтуынша, бұл жолы да соңғы сөзді Үкімет айта-тындықтан, депутаттар елдің басты қаржы құжатын кемшіліктеріне қарамай қолдауға мәжбүр болды. Бар мәселе осы мәжбүрліктен басталып жатқандай.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Ұлттық статистика бюросы халықтың темекі тұтынуы бойынша жыл сайын жүргізілетін зерттеудің биылғы нәтижесін жариялады. Шілде айында жүргізілген сауалнамаға 11 829 үй шаруашылығынан 15 жастан асқан бір-бір адамнан қатысты. Онда олардың 19,4 пайызының темекі тартатыны анықталды. Былтыр ол 20,4 пайызды құраған болатын.

Темекі өнімдерін тұтыну қатерлі ауруларды тудырады деп есептейтін респонденттердің үлесі – 86,7%. Отбасы мүшелерінің темекі өнімдерін тұтынуына қарсы болған респонденттердің үлесі – 6,8%. Барлық жерде темекі тартуға

ТЕМЕКІ ТАРТАТЫНДАР САНЫ АЗАЙДЫ



Биыл темекі тартатындардың үлесі ерлер арасында 36, әйелдер арасында 8,5 пайызды құрады. Ал тұрғылықты жері жағынан ауыл (19,6 %) мен қала (19,3%) арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмады.

Темекі тартатындардың жас ерекшеліктеріне көз жүгіртетін болсақ, былтырғы жылмен салыстырғанда 15-17 жастағыларда (2%) өзгеріс болмаса, 18-25 жастағыларда 16,5-тен 10,9 пайызға, 39-48 жастағыларда 25,9-дан 25,3 пайызға, 49-59 (62) жастағыларда 26,4-тен 25,4 пайызға, 60 (63) жастан жоғарғыларда темекі шегетіндер 13-тен 12,2 пайызға азайғанын байқауға болады.

Тек 29-38 жастағылардың арасында ғана темекі тартатындар үлесі 23,2-ден 24,5 пайызға өскен. Шылымқорлардың 92,3 пайызы өнеркәсіпте өндірілген темекіні тартатынын көрсеткен.

Темекі шегушілер тарапынан үйлерінде темекі түтінін жұтатын халықтың үлесі 12,4 пайызды құрап отыр. Оның 11,8 пайызы – темекі тартпайтындар. Жұмыс орнында темекі түтінінің әсеріне ұшырайтындар үлесі – 7,6%, ал оның 7,1% – темекі тартпайтындар. Қоғамдық тамақтану орындарында сауалнамаға қатысқан респонденттердің 12,3% темекі түтінінің әсеріне ұшыраған, оның 11,6% – темекі тартпайтындар.

толық тыйым салатын заңнамалық бастамалардың енгізілуіне сауалнамаға қатысқан респонденттердің 71,8% қолдау білдірді.

Жалпы, Ұлттық статистика бюросы елдегі ересек халықтың темекі тұтынуы бойынша зерттеуді Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысы бойынша 2020 жылдан бастап жүргізеді. Ол Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Ересек халықтың темекі тұтынуы» бойынша жаһандық зерттеудің халықаралық әдіснамасына сәйкес жасалады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жыл сайын 1,3 миллион адам темекі шегудің әсерінен қайтыс болады. 2003 жылы ұйымға мүше елдер Темекіге қарсы күрес жөніндегі негіздемелік конвенциясын қабылдаған болатын. Бүгінге дейін оны 182 мемлекет ратификациялады. Соңғы 15 жыл ішінде WHO MPOWER темекіні бақылау пакеті бүкіл әлемде жүзеге асырыла бастағаннан бері дүниежүзі бойынша темекі шегу деңгейі төмендеді. Егер бұл болмағанда, бүгінде планетада темекі шегетіндердің саны, есептеулер бойынша, 300 миллион адамға көп болар еді. Жаһандық темекі індеті туралы есепке қарағанда, әлем елдерінің 40 пайызына жуығы жабық орындарда темекі шегуге толық тыйым салған. Ал 44 елде халық MPOWER шараларының ешқайсысынан қорғалмаған және 53 ел денсаулық сақтау мекемелерінде темекі шегуге толық тыйым салуды әлі енгізген жоқ.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ҚЫС АЛЫС ДЕМЕҢІЗ, ҚЫР АСТЫНДА

Құрметті су және көріз желісін тұтынушылар! «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС әкімшілігі сізден қысқы маусымға су құбыры желілерін тыңғылықты дайындауды сұрайды.

Көпқабатты үй тұрғындары кіреберістегі есіктер мен терезелерді бүтіндеп, әйнегі болуын, есігінің жарамдылығын қадағалауы керек. Сонымен бірге, жергілікті су құбыры желілерінің суыққа дайындығын тексеріңіздер. Оқшаулап, жылыту керек болса, осы бастан суыққа төзімді болуы үшін орап қойыңыздар. Жер үйлердің иелері аулаларындағы су құбыры мен көшеден, жер бетіне жақын орналасқан құбырларды оқшаулап, крандарын қажетті материалдармен орағаны дұрыс.

Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылдың қаңтар айында қысқы суыққа тиісті деңгейде дайындалмағанның салдарынан көпқабатты және жеке секторларда ауыз сумен қамту желілерінде айтарлықтай апаттық мәселелер болды. Үй ішіндегі су желілері қатып қалып, 163 көпқабатты үй сусыз қалды. Жеке үйлерде де, коммерциялық нысандарда да осындай проблемалар көптеп байқалды.

Көпқабатты үйлерде ішкі инженерлік желілердің пайдалану жарамдылығына тұрғындардың өзі жауапты. Кондоминиум объектілері болып тіркелген үйлерде қызмет көрсетуші мен тұтынушылар арасындағы, су құбыры желілері бойынша теңгерімдік шекарасы сол үйдің сыртқы қабырғасы екені қаперіңізде болсын.



РӘМІЗ - БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Рәмізтану – рәміз тарихын зерттейтін ғылым. Алайда рәмізтану отандық ғылымда дербес сала ретінде енді ғана қалыптасып келеді. Әр халықтың даралығы, өзіндік ерекшелігі, шыққан тегі, тілі, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен өлшенеді. Рәміздер қалыптасу барысында талай тарихи кезеңдер мен бірнеше әлеуметтік сатылардан өтті.

Рәміздер туралы сөз қозғағанда, әлемдік һәм ұлттық рәміздердің ара-жігін ажыратуымыз керек. Әлемдік, халықаралық терминдерді қолданғанда мұқият және сақ болғанымыз жөн. Батыстық үлгіде қалыптасқан парадигмалар негізінде ұлттық рәміздер зерттелмейді, зерделенбейді, яғни, геральдика қағидалары мен түсініктері түрік рәміздері, оның ішінде ұлттық рәміздердің мазмұнын аша алмайды. Себебі сол терминдердің этимологиясында империалистік амбицияны көздеген, өзге елдердің құндылықтарына қарама-қайшы ұғымдар болуы мүмкін.

Рәмізтану ғылымы ұлттық рәміздер және әлемдік рәміздер тарихын қарастырады. Мемлекеттік рәміздер мәселесі алғаш сөз болған жылдарда «рәміз» атауына байланысты бірқатар пікір болған екен. Рәмізтану ғылымының негізін қалаған Ербол Шаймерденұлы «рәміз» терминін ұсынған. «Қазақ елінің рәміздері», «Елтану әліппесі», «ҚР Тәуелсіздік рәміздері», «ҚР мемлекеттік рәміздері», «Тәуелсіздік нышандары», «Елтаным» деген құнды кітаптары – Ербол Шаймерденұлын толық дәрежеде тұңғыш рәмізтанушы атауымызға негіз.

Біздің байқауымызша, төл рәміздердің құрылымдық жүйесін түзде Еуропа, Ресей ілімдерін негізге алған рәмізтанушы әлемдік рәміздердің қағидалары мен жіктелуін нақпа-нақ көшірмеген. Ғылымның жаңа бағытын қалыптастырған Ербол Шаймерденұлы әлемдік рәміздер мен ұлттық рәміздердің ұқсастығын, өзгешелігі мен ерекшелігін ежелгі дәуірлердегі деректемелерге назар аударып көрсеткен.

Тұңғыш рәмізтанушы не себепті «геральдика» терминін қолданбады, неге «рәмізтану» терминін ұсынды. Осы мәселеге ой жүгіртіп көріңіз.

Адамзат мәдениетінің екі тармағы, екі өркениет және екі түрлі дүниетаным – Шығыс және Батыс әлемі. Батыс геральдикасының басты символдық негізі өзінің діни дүниетанымнан бастау алады

(крест-белгі). Батыс Еуропа және орыс гербтері тарихын жан-жақты қарастырған А.Б. Лакиер алғаш рет 1855 жылы Петербургте басылған «Русская геральдика» еңбегінде «геральдика» түсінігі крест жорықтарынан бастау алатынын баяндайды. «Позднее, например, во время Крестовых походов, когда дворянство и рыцарство всей Западной Европы, вдохновившись одной святой идеей, шло на Восток для освобождения Гроба Господня, необходимость в этих знаках была еще настоятельнее, и мы увидим, что это событие было одним из главных, давших толчок развитию гербов», – деп көрсеткен.

Крест жорықтары

Дәл осы кітапта А.Б. Лакиер: «Крест, символ той святой цели, для которой предпринимался поход, был виден повсюду, разных цветов, в различном положении. Если до этой эпохи крест нередко красовался на гербах, то Крестовые походы внесли его в гораздо большее число гербов рыцарей, поднимавших оружие за святой крест», – деп түсіндіреді.

Еуропа тарихшыларының жүз-жылдық пікірталасына айналған орта ғасырларда діни белсенділіктің күшеюімен үдеген крест жорығы «геральдика» түсінігін тудырды. Крест жорықтары кезінде кресшілер крест-белгіні матадан қиып, оны киімдеріне тігіп, жорыққа аттанушының (христиандар) ең негізгі белгісі ретінде қолданған. Сегіз рет ұйымдастырылған жорықтың «крест жорықтары» аталуының себебі осы.

Ежелгі орыс тулары

Батыс Еуропа елдерінің бүгінгі туларында, гербтері тағы өзге рәміздер жүйесінде жоғарыда



сөз еткен шіркеу белгілерін байқау қиын емес. Ресей батыстық құрылымды нақпа-нақ көшіріп (дүниетанымдары бір) геральдиканы ғылым ретінде дамытып отыр.

Елімізде өздерін «геральдиспіз» деп жарнамалап жүргендер бар. Геральдика ғылыми анықтамасында гербтер тарихын зерттейді. Гербтер тарихын зерттеуші – гербологист. Ал түркі елдерінде герб болмаған.

Геральдика ғылымы түркі өркениетінің тұтас тарихын айғақтайтын (ежелгі тотемдік белгілер, ру, тайпа, қаған, қағанат таңбалары, байрақ-тулары, мөр, кірке) әлеуметтік-саяси мақсатта қолданылған рәміз, нышан, белгі, яғни, ұлт пен ұлыс, тайпа мен ру таңбаларының сыр-сипатын, қызметін арнайы зерттейді. Батыстық құрылымға негізделген, орыстың дүниетаным, дін тарихын баяндайтын геральдика ғылымы – халқымыздың наным-сенімдерімен астасқан киелі ұғымдар жиынтығы болып табылатын рәміздік белгі, таңбалық нышандар, т.б. туралы түсінік бере алмайды.

Рәмізтану ғылымы тарихи рәміз-

дерді, таңбалар мен белгілердің шығу тегі мен дамуын, ғылыми жүйелеу, біріздендіру, рәміздік таңбаларды тану, олардың түрлері, маңыздылығы, қолданылу аясы және түркі өркениетінің тұтас тарихын айғақтайтын байырғы түркі дәуіріндегі рәміздік таңбалардан Елтаңбаға дейінгі белгілердің философиясы, семантикасы, символдық мәнін тағы басқа ұлттық

какого вы рода» дегенді айтады. Бұл сөзді қазақшаласақ, «тегін білмеген тексіз» деген шығар еді. Ал, тек дегеніміз – шежіре. Шежіре – әр халықтың ру-тегін, таралуын баяндайтын ғылым. Осы орайда таңба және таңбатану, рәмізтануға қатысты деректерді жүйелеу, жандандыру жұмыстарын қолға алуымыз керек. Құллі түрік мәдени мұрасының негізі, арғы замандарда

дүниетанымға қатысты мәселелерді қарастырады. Орыс билеушілерінің қол астына өткен Қазақстан қалаларының гербтерінде принципті түрде геральдикалық корона (тәж) көрініс тапқан. Геральдикалық коронаның (тәж) төбесінде геральдикалық крест орналастырылған және александр лентасымен көркемдеу дәстүрге енген.

І Петрдің Орта Азияны «Ключ к воротам в Центральную Азию» дегенін ескерсек, гербтердегі геральдикалық корона, геральдикалық крест, александр лентасы тағы басқа бейнелерде отаршылдық әрекет, бодандық сипат анық көрінеді және әр өңірдің табиғи ерекшелігі (егін және мал шаруашылығы) орыс билеушілерін қызықтырғаны отаршылдық гербтердің идеясы әйгілеп тұр.

«Болыстық ел басқару саясаты мен Ресей империясының қазақтарды шоқындырып, орыстандыру саясаты қатар жүргізілді», – дейді ғалым Мекемтас Мырзахметұлы «Абайдың «толық адамы» ілімі» кітабында.

А.Б. Лакиер аталған кітабында «Покажите мне ваш герб: я скажу,

қолданыла бастаған көне таңбалар мен бағзы белгілердің тегі, даму барысы жайында біртұтас ғылыми зерттеу әлі жазылмаған деуге болады.

Елтаңбаның тегі таңбаларда. Сондықтан да біз оны ЕЛТАҢБА деп атаймыз. Қазақ халқының өз дүниетаным – «шаңырағың биік, керегең кең, босаған берік болсын» дегені айтылатын шаңырақ, босаға, кереге ұғымдары Мемлекеттік Елтаңбада анық көрініс тапқан.

«Көп түрік енші алып тарасқанда, Қазаққа қарашаңырақ қалған жоқ па?!» – дейді Мағжан ақын. Рәміз дегеніміз – жалпы айтағанда, осы қарашаңырақ туралы киелі әңгіме. Яғни ата-баба мұрасы, ұрпақ еншісі, мұрагер елдің төлқұжаты. Демек, рәміздер (Ту, Елтаңба, Әнұран) – қазақтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени-рухани болмысы, таным-түсінігі, салт-дәстүрінен сыр шертетін этномәдени кодтар мен белгілердің жиынтығы, бабалардың рухы сіңген аяулы аманат.

Жібек БОЛТАНОВА,
филология ғылымдарының кандидаты

Қазіргі таңда үйде бала тәрбиесімен отырған аналардың декретке көп қаржымен шыққысы келетіні белгілі. Осындай істі қолға алған пысықайлар өздерінің біраз таныстарының сеніміне кіріп, «декретке миллион теңгемен шығарып береміз» дейді де, таныстарынан ірі көлемде ақша жинап алып, ақша да жоқ, миллион да жоқ, зым-зия болуда. Оларға алданып қалған көптеген келіншектер полицияға жүгінуде. Соңғы үш жылда жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, декреттік демалысқа шыққан, әлеуметтік төлем алған аналардың саны артыпты.

Статистикаға сүйенер болсақ, елімізде соңғы жылдары жеке кәсіпкерлер жыл санап көбейіп келе жатыр. 2022 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша, республика көлемінде 1,5 млн жеке кәсіпкер тіркелген. Бұл 2021 жылға қарағанда 20,4%-ға көп. Ал биыл жыл басынан бері бұл көрсеткіш тіпті көбейген. Әрине, жеке кәсіпкер ретінде тіркелгендердің барлығы жеке кәсібін дөңгелетіп, еліміздегі шағын және орта бизнестің дамуына үлес қосып жатса, қанеки?! Олар әртүрлі жағдаймен ашуда. Алаяқтар біріне өзің жеке кәсіпкер ретінде тіркелесің десе, енді бірі өзіміздің фирмамызға тіркейміз деп, ай сайынғы төленетін салықтың барлығын алып отырады.

Аналарымыз жоғары жәрдемақы алу үшін «ЖК» ашып, жеке кәсіпкер атанады. Елімізде соңғы үш жылда жеке кәсіпкер аналардың

«ДЕКРЕТКЕ МИЛЛИОНМЕН»: АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ!



саны бірнеше есе көбейген екен. Жасыратыны жоқ, «декретке миллионмен» курсы қазір әлеуметтік желіде өте кең таралған. Осындай курсты өзгелерге үйретіп жүрген блогерлердің өзіне де осы курс талай жылдан бері «нан табудың көзі» болып тұр. Әлеуметтік желілердегі «Декретке миллионмен» курсы заңмен тыйым салынбаған десек те, жоғары әлеуметтік жәрдемақы алу үшін аяқасты «ЖК» ашып, жеке кәсіпкер ретінде тіркеле қою, зейнетақы қорына үстемелеп қаржы аударып, мемлекеттен аз уақыттың ішінде

миллиондап жәрдемақы алу мемлекетті алдау емес пе?! Талай жұмыссыз, жылдап үйде отырған аналар осындай курстардың кураторларының үйретуімен дәл осылай миллиондарға қарық болды.

Ал, осыны пайдаланған пысықайлар таныстарынан ақша жинап, аяғы ауыр әйелдерді «миллионмен декретке» шығарып беремін деп ақшаларын алып, миллион да, ақша да жоқ, алдап жүр. Түркістан облысы, Кентау қаласының тұрғыны Злиха көршісіне өзінің үшінші баласын босануды жоспарлап жүргенін

айтқан. «Көршіме үшінші баламды босануды жоспарлап жүргенімді айтқаным сол еді, ол өзінің жақсы танысы «декретке миллионмен» шығарып жүргенін айтты. Әрине, менің де құлағым елең ете қалды. Сөйтіп, мен аяғым ауыр болмаса да, алдын ала жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, ақша құйып тұруым керек екенін айтты. Үйде отырып та, миллионмен декретке шығуды әрбір әйел армандайды. Мен де сол арманымды жүзеге асыру үшін, көршімнің ұсынысын қабыл алдым. Оның айтқанын орындап, алдын ала бір жылға деп 360 мың теңге бердім. Бұл менің бір жылдық жарнам деп айтты. Сөйтіп, мен де айына 30 мың теңгеден жарна төленіп жатыр деп жүрдім. Содан кейін көршім маған 2022 жылдың шілде айында жүкті болуым керектігін айтты. Бір өкініштісі, көршімнің айтқан айында жүкті бола алмадым. Осы жақында әкем ауырып, несие алуыма тура келіп банкке бардым. Банк менеджері маған қарап, «Сізде ешқандай төлем жарнасы жоқ болуына байланысты несие берілмейді», – деп айтты. Мен ол менеджерге бой бермей, жеке кәсіпкер ретінде жарна аударып жүргенімді жеткіздім. Сөйтсем, сеніп тапсырған көршім мен берген ақшаны өз пайдасына жаратып қойыпты. Полиция бөлімшесіне барып арызданбақшы болғанымда, ақшамды бөліп-бөліп беретінін айтып, қолхат жазып берген еді. Егер уәдесінде тұрмаған жағдайда, полиция қызметкерлерінің көмегіне жүгінемін деп отырмын», – деді Злиха.

Заңға түзетулер енгізіліп, қанша қатаңдалтылғанымен, адамдардың айлаласы артылар емес. Әрбір құжатты жасатқанда сақ болайық, интернет алаяқтарына тап болып, жиған-тергеніңізден айырылып қалмаңыз.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

